

БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

"Инерция құбылысы"ЖАРИЯЛАНДЫ
16.11.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/84964/>

Сабақтың тақырыбы:

Инерция құбылысы Мұғалімнің аты-жөні: Г.Бақытжан

Күні:

СЫНЫП: 7а, ә Қатысқан оқушылар саны: Қатыспаған оқушылар саны:

Сабақ негізделген оқу мақсаттары 7.2.2.1 – инерция құбылысын түсіндіру және мысалдар келтіру

Сабақ нәтижесі:

Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды.

Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды.

Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады:

Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.

Бағалау критерийі Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.

Тілдік құзіреттілік Инерция құбылысы

Ресурстар Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.

Әдіс-тәсілдер Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.

Пәнаралық байланыс Математика, қазақ тілі.

Алдыңғы оқу Тығыздықты есептеу

Сабақтың жоспары

Жоспарланған уақыт Сабақ барысы : Ресурстар

Басталуы

5 минут Сәлемдесу.

Топқа бөлемін : «Билеттер арқылы» топқа бөлінеді. Оқушыларды кассадан билеттер алып, 1,2,3 вагондарға бөлініп отрады.

Психологиялық ахуал қалыптастыру:

Сынып реттілігін қадағалау.

Оқушыларды түгелдеу. Оқу құралдарын байқау.

Бір-бірімізді тыңдаймыз десек 1 рет қол шапалақтаймыз!

Ұйымшыл боламыз десек 2 рет

Белсенділік танытамыз десек 3 рет шапалақтаймыз!

Үй тапсырмасын тексеру

Жаңа білім

10 минут

Білу және түсіну

Берілген мәтіндерді балалар оқып алады.

Жермен салыстырғанда тыныштықта тұрған нәрсенің өздігінен қозғалысқа келмейтінін күнделікті бақылаулардан білеміз.

Мысалы: жерде жатқан доп оны аяқпен тепкеннен кейін ғана қозғалысқа келеді, өткеншек қолмен итерген кезде қозғалысқа келеді де, ауа кедергісі арқылы біртіндеп барып тоқтайды. Осы мысалдардың өзі-ақ кез келген дене сырттан әсер болмағанда өзінің Жермен салыстырғандағы тыныштық күйін немесе бірқалыпты түзу сызықты қозғалысын сақтайды деген болжам айтуға болады.

Сұрақ: Егер қозғалыстағы дененің жолындағы барлық кедергі жойылған болса, ол қалай қозғалар еді?

Бұл сұраққа Италияның атақты ғалымы Галилео Галилей жауап берген болатын

Денеге басқа денелер әрекет етпесе, онда ол тыныштық күйінде болады немесе Жермен салыстырғанда түзусызықты бірқалыпты қозғалады. Бұл екі жағдайда да дененің жылдамдығы өзгермейді.

2) Есіңе сақта!

Денеге басқа денелер әрекет етпеген кездегі жылдамдығын сақтау құбылысы инерция деп аталады.

«инерция» сөзі – латын сөзі, мағынасы: қозғалыста емес әрекетсіздік

3) Инерция күнделікті өмірде.

«Жариялау» әдісі

(Әрбір топ берілген сұрақ бойынша өз позициясын жариялау керек. Бұл үшін топ ішінен спикер берілген уақыт ішінде (5 мину) басқа қатысушылар алдында сөйлеп, топ ұстанымын жеткізеді.)

Оқулық,

мәтіндер.

Ортасы

10 минут

Қолдану

Оқулықта берілген тапсырмаларды орындау.

Түсіндіру.

Топтық, жеке жұмыс жүргізу.

Дәптермен жұмыс.

«Қалайша тиынды стақанға түсіруге болады?»

Үстел үстінде суы бар стакан. Стаканның бетінде карта. Карта үстінде тиын тұр. Тиынды қолмен ұстамай қалайша стақанның ішіне түсіруге болады?

Жауабы: Картаны саусақпен жылдам, әрі бар күшпен шертіп қаламыз. Бұл кезде тиын жылдамдық алып үлгермейді, яғни жылдамдығын сақтау құбылысы-инерцияның әсерінен стакан ішіндегі суға түседі.

«Қалайша қағазды аламыз?»

Ұзын парақ қағаздың үстінде суы бар банка тұр. Банканы орнынан жылжытпай қалайша қағазды алуға болады?

Жауабы: Қағаз парағының бір жақ шетінен ұстап, жылдам тартып қалу керек. Инерцияның әсерінен банка мен оның ішіндегі су жылдамдық алып үлгермейді, яғни қозғалысқа түсіп үлгермейді. Оқулық, қабырғаға ілінген ватмандар, түрлі-түсті маркерлер

Топтық жұмысқа арналған ресурстар

Аяқталуы

Сабақты бекіту

12 минут Ой қорыту

Есептер шығару.

Сұрақтарға жауап беру

1. Инерция деген не?

2. Дене неге лезде тоқтай алмайды?

3. Сүрінген кезде адам қалай құлайды?

4. Балға саптау құбылысын қалай түсіндіруге болады? Тақырып бойынша түйген білімдерін жазады.

Кері байланыс

3 минут «Білім қоржыны» кері байланыс

Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазып, қоржындарға жабыстырады.

Қосымша ақпарат

Саралау – Сіз қосымша

көмек көрсетуді қалай

жоспарлайсыз? Сіз

қабілеті жоғары

оқушыларға тапсырманы

күрделендіруді қалай

жоспарлайсыз? Бағалау — Оқушылардың

үйренгенін тексеруді

қалай жоспарлайсыз? Пәнаралық байланыс

Қауіпсіздік және еңбекті
қорғау ережелері
АКТ-мен байланыс
Құндылықтардағы
байланыс
Рефлексия
Сабақ / оқу
мақсаттары
шынайы ма?
Бүгін оқушылар
не білді?
Сыныптағы ахуал
қандай болды?
Мен жоспарлаған
саралау шаралары
тиімді болды ма?
Мен берілген
уақыт ішінде
үлгердім бе? Мен
өз жоспарыма
қандай түзетулер
енгіздім және
неліктен?

Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз.

Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.

Қорытынды бағамдау

Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?

1:

2:

Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?

1:

2:

Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?